

Кеме кітабын жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің 2004 жылғы 18 тамыздағы N 59-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3050. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 28 маусымдағы № 403 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 28 маусымдағы № 403 (3-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысымен бекітілген Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесіне сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Кеме кітабын жүргізу ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің Су көлігінде бақылау басқармасы (Р.Қ.Адамова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Қ.Б.Есжановқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төрағаның міндетін атқарушы

"Кеме кітабын жүргізу ережесін бекіту туралы"
Көліктік бақылау комитеті
төрағасының 2004 жылғы
18 тамыздағы N 59-п
бұйрығымен бекітілген

Кеме кітабын жүргізу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Кеме кітабын жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысымен

бекітілген Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесіне (бұдан әрі - Тіркеу ережесі) сәйкес әзірленді.

2. Ереже Кеме кітабын жүргізу тәртібін белгілейді.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
кеменің меншік иесі - Тіркеу ережесіне сәйкес кеменің меншік иесі ретінде
т і р к е л г е н т ұ л ғ а ;

кеме иесі - меншік құқығында немесе өзге заңды негіздерде кемені иеленуші
т ұ л ғ а ;

кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті.

4. Кеме кітабын (1-қосымша) мемлекеттік және орыс тілдерінде қағаз және электрондық тасымалдаушыларда порттың теңіз әкімшілігі (бұдан әрі - ПТӘ) жүргізеді.

5. Кеме кітабын жүргізуді бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Кеме кітабын жүргізу тәртібі

6. Кеме кітабының кіріс құжаттарын есепке алу кітабы (бұдан әрі - Есепке алу кітабы) (2-қосымша) және кеме істері Кеме кітабының ажырамас бөлігі болып
т а б ы л а д ы .

Кеме ісі әр кемеге ресімделеді және кеменің тіркеу нөмірімен
с ә й к е с т е н д і р і л е д і .

Кеме ісіне кеме билетінің көшірмесі, сондай-ақ кемені және осы кемеге құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін келіп түсетін құжаттардың, Кеме кітабынан берілген анықтамалар мен үзінді көшірмелердің көшірмелері тіркеледі.

7. Кеме кітабы және Есепке алу кітабы жеке журналдарда жүргізіледі, беттері нөмірленген, тігілген болуы тиіс, соңғы бетінде нөмірленген, тігілген парақтардың саны жазылады және ПТӘ басқаратын теңіз портының капитаны растайды.

8. Кеме кітабын, кеме істерін және Есепке алу кітабын жоюға және олардан қандай да бір құжаттарды немесе олардың бөліктерін алуға жол берілмейді.

9. Кеме кітабының "Өзгерістер туралы белгілер" бағанында кеме туралы немесе барлық жазбаны жаңартуды талап етпейтін өзгерістер, сондай-ақ оған құқықтардың тоқтауы немесе ауысуы туралы қосымша ақпарат жазылады.

Мұндай мәліметтерге мыналар жатады:

1) жеке тұлғаның тегінің, атының, әкесінің атының, тұрғылықты жерінің өзгеруі, егер меншік иесі жеке тұлға болып табылса;

2) заңды тұлғаның атауының, орналасқан жерінің немесе почталық

мекен-жайының өзгеруі, егер меншік иесі заңды тұлға болып табылса;

3) кемеңің атауының өзгеруі.

К е м е к і т а б ы н жү р г і з у
ережесіне 1-қосымша

Кеме кітабы

р/с	Кеме кіта.	Кемеңің	Меншік	Кеме ие.	Меншік	Кемеңің	Тіркелу
N	бына енгі.	атауы	иесінің	сінің	иелері.	бұрынғы	порты
	зілген күні	атауы	атауы	нің әр.	атауы		
	және тір.		және	және	қайсына	(егер ол	
	келген рет.		оның ме.	оның ме.	тиесілі	бұрын ше.	
	тік нөмірі		кен-жайы	кен-жайы	кемеңің	тел туын	
						үлесі	көтеріп
							жүзген
							болса)
1	2	3	4	5	6	7	8

К е с т е н і ң ж а л ғ а с ы

Алдыңғы тір.	Кемеңің	Жүзу	Жоба	Кемеңің	Корпус	Басты қоз.
келген порты	түрі және	ауданы	N	жасалған	мате.	ғалтқыштардың
(орны) және	мақсаты			жылы және	риалы	қуаты (түрі
оның жойыл.				орны		және саны)
ған күні						
(егер мұн.						
дайлар болса)						
9	10	11	12	13	14	15

Ж а л ғ а с ы

Қозғағыш. |Кеменің метрмен габариттік | Құтқару |Жүк көтерім.
 тардың | өлшемдері | шлюпкалары |ділігі(тонна)
 түрі және|-----|(саны, жалпы|-----
 винттер. |Ұзын. |Ені |Су үс. | Шөгу |сыйымдылығы)| өзен | теңіз
 дің саны |дығы | |тіндегі |-----| | |
 | | |борттың |жүк. |жүк. | | |
 | | |биіктігі |пен |сіз | | |

16 17 18 19 20 21 22 23 24

Ж а л ғ а с ы

Сыйымдылығы |Жүрістің ең |Ескерту |Өзге. |Сенімді |Кемені сенімді
 -----|жоғары жыл. | |рістер |басқару. |басқаруға бергені
 таза |жалпы | дамдығы | |туралы |шының |туралы меншік
 | | |(тораптарда)| |белгі. |атауы |иесінің немесе
 | | |-----| |лер |және ме. |уәкілетті органның
 | | |жүк. |жүксіз| | |кен-жайы |келісімі туралы
 | | |пен | | | |құжаттың деректе.
 | | | | | | | |мелері

25 26 27 28 29 30 31 32

Ж а л ғ а с ы

Кеменің ипотекасы туралы мәліметтер

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу |Кеменің ипо.
 туралы мәліметтер |текасын мемле.
 -----|кеттік тіркеудің
 Кеменің немесе |Ипотеканы |Ипотеканы |Ипотека. |Кеме |тоқтатылғаны

жасалып жатқан|кепілге |кепілге |мен қам.|ипо. |туралы мәліметтер
кеменің ипоте.|берушінің|ұстаушының|тамасыз |тека.|-----
касын мемле. |аты және |аты және |етілген |сының|Кеме |Кеменің
кеттік тіркеу |мекен- |мекен-жайы|міндет. |аяқ. |ипо. |ипотекасын
туралы куәлік.|жайы |немесе |темелер.|талу |тека.|мемлекет.
тің N және бе.| |оның ұсы. |дің ең |мер. |сының|тік тір.
рілген күні | |нушыға |жоғары |зімі |мер. |кеуді тоқ.
| | |белгілен. |мөлшері | |зімі.|татуға
| | |гені тура.| | |нен |негіз бол.
| | |лы мәлі. | | |бұрын|ған құжат.
| | |меттер | | |аяқ. |тардың
| | | | | |талу |атауы мен
| | | | | |күні |деректе.
| | | | | | |мелері

33 34 35 36 37 38 39

К е м е к і т а б ы н ж ү р г і з у
ережесіне 2-қосымша

Кеме кітабының кіріс құжаттарын есепке алу кітабы

N |Құжат.|Келіп |Меншік ие. |Кеме ие. |Кеме.|Мемле.|Кеме кітабы.
р/с|тардың|түскен|сінің атауы |сінің |нің |кеттік|нан берілген
|келіп |құжат.|(мекен-жайы,|атауы |атауы|тір. |үзінді көшір.
|түскен|тардың| телефоны, |(мекен- | |кеуден|мелер мен
| күні |атауы | факсы) |жайы, те.| |бас |анықтамалар
| | | |лефоны, | |тарт. |(кімге және
| | | |факсы) | |қаны |қашан
| | | | | |туралы|берілді)
| | | | | | |ж а з б а |

1 2 3 4 5 6 7 8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК